



Тұрсынова Г.Т.

**ҚАЗАҚ ТІЛІН МАМАНДЫҚҚА
СӘЙКЕС МЕНГЕРТУДІҢ
ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ
НЕГІЗДЕРІ**

*В статье рассматриваются
вопросы изучения делопроизводства
в процессе обучения
профессиональному
казахскому языку.*

*Profession – oriented language
learning has its peculiarities. While
learning Kazakh with regards to their
future profession students master
appropriate office work and file keeping
and professional vocabulary.*

*As a result skills of expressing
thoughts and ideas clearly in professional
intercourse are formed.*

*Under these circumstances improving the
quality of profession-oriented Kazakh
language teaching is the important
problem of lingual didactics.*

Қазақ тілін мамандыққа сәйкес қатынас құралы ретінде үйретудегі басты мақсат – студенттердің болашақ мамандығына қатысты лексикалық қорды игеруімен қатар олардың мемлекеттік тілде ұғынысуына, түсінісуіне жағдай туғыза отырып, өзара тілдік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ету. “Тілдік қатынас – тіл арқылы байланыс, сөйлеу тілі арқылы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы; қоғамдық, ұлттық тіл арқылы ұғынысу, түсінісу; яғни адамзаттың тіл арқылы қатынасқа түсуі тілдік қатынас дегенді білдіреді”. Демек, техникалық мамандық бойынша білім алатын болашақ мамандарға қазақ тілінің қоғамдық-элеуметтік маңызын аша отырып, тілді қатынас құралы ретінде үйретудің орны ерекше.

Техникалық университеттің орыс топтарында оқитын студенттерге мемлекеттік тілді үйретудің негізгі мақсаты:

- практикалық бағытқа негіздеу;
- мамандыққа қатысты лексиканы меңгерту;
- оқу материалдарын таңдап алуда олардың атқаратын рөліне тікелей сүйену.
- төлоқулық, бейімделген танымдық мәтіндерді пайдалану.
- кәсіптік (аударма) сөздіктермен қатар, түсіндірме сөздіктерді қолдану.
- ғылыми тілге көшуге дайындау.
- мамандық тілін терең және жан-жақты игеру.

Бұл аталған белгі-ерекшеліктер орыс топтарындағы студенттердің мемлекеттік тілді жедел, еркін меңгеруіне көп көмек етеді.

Мемлекеттік тілді практикалық түрде үйрету дегеніміз – оны коммуникативтік оқыту және осы тілді түсініс және қатынас құралы ретінде қолдана білу. Мемлекеттік тілді практикалық мақсатқа бейімдеу: студенттің мамандығына қызығушылық тудыру арқылы мамандығына қатынасты игерулеріне жағдай жасау. Мемлекеттік тіл орыс топтарында оқитын студенттерге білім алу құралы ретінде де, мамандығына қатысты материалдар негізінде бірін-бірі түсіну және қатынас құралы ретінде ақпарат алысып, ой-өрісін мамандығына бейімдей түседі.

Мемлекеттік тілді практикалық бағытта меңгеру, біріншіден, қазақ тілінде өте жиі қолданылатын 250 сөзге негізделуі ұтымды, екіншіден, тау-кен мамандығына қатысты лексиканың жиі қолданылатын сөздігінің минимумын жасау. Қазақ тілінде өте жиі



қолданылатын 250 сөз студенттердің мамандығына қатысты түсіндірме берілген 230 терминді меңгерулеріне негіз бола алады. Мемлекеттік тілді студенттерге жекелеген сөз, сөздіктер арқылы түсіндіру – нақтылы нәрсені үйретуде, өз бетінше ізденуде көп көмегі бар.

Түсіндірме сөздікпен жұмыс істеу – студенттердің тек терминдерді түсініп қана қоймай, олардың сол терминдер бойынша толық ұғым алатынына көңіл аудару. Студенттердің мамандықтарына қатысты лексиканы түсіндірме сөздікті меңгеру барысында қолданылатын кешенді жұмыстар қатарына мыналар жатады:

– тілдік материалдарды меңгеруге және тілдесім әрекеті арқылы тау-кен мамандығына қатысты лексиканы меңгеруге арналған фонетикалық, лексикологиялық, морфологиялық, синтаксистік тапсырмалар;

– ғылыми терминдерді ғылым тілін игерудің негізінде қолдана білуге арналған тапсырмалар;

– терминдер мен термин сөздердің мағыналық ұғымдарын айыра білуге негізделген бақылау тестер.

Студенттердің түсіндірме сөздіктермен жұмыс істеуі, қазақша-орысша терминологиялық сөздіктермен салыстырулары олардың тілдік ұғымдарын қалыптастыруға мол мүмкіндік жасайды. Өдіскер Г.Еркебаева “Қазақ тіліндегі сөздіктерді меңгеру барысында қолданылатын кешенді жұмыстар жүйесі” оқу құралында бұл жайтқа жан-жақты тоқталады.

Тілдік материалды таңдау мен қолдануды функциональдық ыңғайластыру, яғни тілді практикалық игерудегі оқу материалдары мен оларды қолдану дегеніміз – мемлекеттік тілді студенттердің мамандықтарына негіздеу, түсіну, қарым-қатынас құралы ретінде ұтымды пайдалану.

Мемлекеттік тілді қарым-қатынас құралы ретінде ұтымды пайдалана білу үшін, тілдік қатынастың пайда болуы үшін ең алдымен белгілі және жеткілікті сөз қоры болуы тиіс және сол сөз қорын ұтымды пайдалану мәселесі ерекше орын алады.

Қазақ тілінің лексикасы өте күрделі мәселелердің бірі. Лексикалық минимумды іріктеу – тау-кен мамандықтарына арналған лексиканы таңдау. Ол екі бағытта орындалса тиімді: біріншісі, қазақ тілінде өте жиі қолданылатын 250 сөз. Екіншісі, техникалық мамандықтарға арналған оқулықтарда өте жиі кездесетін 230 термин сөз. Мемлекеттік тілді үйретуде лексика, біріншіден шектеулі, екіншіден, игеруге икемді болулары тиіс. Лексикалық минимумды іріктеу, таңдау дегеніміз — түрлі жаттығулар арқылы сөз қорын игеру, ал сөз қорын игеру түрлі тіл дамыту жұмыстары: сөздің, терминнің мағынасын түсіндіру тәсілі, жаттығулардың жүйелілігі, сөйлеп үйренудің түрлері т.с.с. арқылы іске асырылады. Сөздердің тура және ауыспалы мағынасын, көп мағыналы сөздерді, синоним, антоним, омоним сөздерді оқушыларға меңгерту - олардың қазақша сөйлеу тілін қалыптастыруына, әрі ойларын нақты, әсерлі жеткізулеріне, әрі сөйлеу тілінде бір сөздің бірнеше рет қайталануын болдырмауға зор ықпалын тигізеді.

1. *Сөздік терминнің лексикалық-семантикалық түрі* (варианты). Сөздің, терминнің бірнеше мағынасының негізгі мәнін көрсету өте ұтымды, себебі сөздің негізгі мағынасын түсіну, сол сөздің, терминнің екінші мағынасын дұрыс мағынада қолдануға мүмкіндік туғызады. Мысалы: кен – 1) пайдалы қазба орындары. Пайдалы қазба орындары – пайдалы қазбалардың орналасқан жері; 2) кен-жер қойнауындағы пайдалы қазба.

2. *Омоним сөздер*. Мамандыққа қатысты лексиканы іріктегенде айтылуы мен жазылуы бірдей, бірақ мағынасы екі түрлі сөздер есте болатын жағдай. Мысалы: жыныс – ер адам мен әйел адамның табиғи жаратылысын білдірсе, жыныс – жер қойнауынан өндірілетін пайдалы қазба қабаты. Сол сияқты қабат сөзінің айтылуы бірдей, бірақ мағынасы екі түрлі: қабат – биік үйдің жоғары көтерілгенде пәтерлердің қатар орналасқан орны. Екінші мағынасы: қабат – жер қойнауындағы пайдалы қазба орналасқан орын. Осындай омоним сөздердің мағынасын айқындау тіл үйренушілердің сөз қорын ұтымды пайдалануына көмектеседі.

3. *Қысқарған сөздер*. Қазақ тілінде бұрын кездеспейтін, бірақ орыс тілінен әсерінен пайда болған, тәжірибеде жиі қолданыста бар сөздерді тау-кен мамандықтарына қатысты лексикалық термин минимумына қосымша ретінде берген дұрыс. (Мысалы: ҚазҰТУ, ТМД).

4. *Кірме сөздер*. Оқу құралында орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы кірген сөздерді мағынасына және морфологиялық принциптеріне қарай топтастыру (классификациялау) ұсынылады. Бұл принциптерге 1) кірме сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасы мен айтылуы (эквивалентная лексика), 2) мағынасы мен айтылымы ұқсастау келетін сөздер мен сөз тіркестері, 3) мағынасы қазақ



тіліндегі сөздер мен сөз тіркестерімен бірдей, бірақ айтылымы бірдей емес сөздер мен сөздіктері, 4) баламасы жоқ лексика жатады.

Бұл айтылған жайыттар: студенттерге тіл үйрету мәселесін жеңіл, түсінікті түрде меңгеруге көп көмек етеді. Қазақ тілінің заңдылықтарын еркін меңгеруде, өз бетінше ізденуде, оқып-үйрету ісінде де маңызы зор.

Осы пікіріміздің дұрыстығын болашақ кеншілер дайындау жағдайында, жүргізілген жұмыстар дәлелдеді. Қазақ тілін студенттердің мамандығымен байланыста оқытуда кәсіби сөздік қор мен оған негізделген мәтіндердің өте пайдалы екені анықталды. Техникалық мамандықтар бойынша орыс бөлімдерінде оқитын студенттерге алынған мәтіндермен қазақ тілін игертуді мақсат ете отырып, тілді оқушылардың мамандығымен байланысты оқытуды жүзеге асыру тәжірибесі төмендегі тұжырымдарды анықтады:

- 1) оқуға мамандыққа байланысты алынған мәтіндерді қолдану пайдалы;
- 2) мамандыққа байланысты қазақ тілінің мәтіндерін үйрету студенттердің сабақтан тыс істейтін жұмыстарында жан-жақты қамтылуы керек;
- 3) мамандыққа байланысты мәтіндердің мазмұнын айтқызу, студенттердің пікірлесуін ұйымдастыру арқылы оларды қазақша сөйлеуге дағдыландыруға болады;
- 4) мамандыққа байланысты мәтіндер бойынша мазмұндама, шығарма т.б. жұмыстар арқылы студенттердің жазба тілін дамытуға болады.

Сөйтіп, мамандыққа байланысты тіл дамыту жұмыстарымен қатар, сабақтан тыс жүргізілетін әртүрлі шаралар - қазақша оқи, жаза білу сөйлеу дағдыларын қалыптастырып, мамандық бойынша білім сапасын көтереді; пәнаралық байланысты іске асырады, студенттердің болашақ мамандығына бағдар береді.

Техникалық оқу орындарының орыс бөлімдеріндегі студенттерге қазақ тілін үйретуде қолданылатын материалдар тек мамандығына байланысты мәтіндерді пайдаланудан ғана тұрмайды. Ол – негізгі мәселенің бірі. Сонымен қоса студенттерге тілдің грамматикалық құрылысына да байланысты білім беру керек.

Сөйлесім әрекетінің барлық түріне үйрету тіл негіздеріне сүйенетіні белгілі, сондықтан тіл үйрету процесінің негізінде жатқан лингвистикалық теориялық мәселелердің маңызы ерекше. Лингвистикалық теория тілдің ауызша, жазбаша түрлерін меңгертуге ең қажетті, маңызды дағдыларын қалыптастырудағы, жетілдірудегі негіз болып табылады. Біз өз жағдайымызда студенттердің тіл фактілері жөніндегі білімдерін жетілдіру ісінде олардың орыс тілінен алған білім-дағдыларына сүйенеміз.

Сөйлеу дегеніміз – әрекет. Сөйлеу тілдік материалдар арқылы жүзеге асады. Сондай-ақ сөйлеу тілдік заң ережелерге, тілдік нормаға бағынады. Тіл мен сөйлеу бір-бірімен ажырамас бірлікте жүреді. Сол себепті үйренетін тіл туралы, оның өзіндік ерекшеліктері мен грамматикалық құбылыстарын, заңдылықтарын танып білмейінше, ол тілді үйрену мүмкін емес.

Қазақ тіліндегі сөздер мен сөз тіркестерін орыс тіліндегі лексиканың жүйесімен салыстыру тіл үйренушілерге жеңілдік жасайды. Әсіресе, арнайы лексиканы студенттерге таныстыруда ерекше орын алады. Сөйлеп үйренуге арналған арнайы лексиканы талдау жұмысы қазақ тіліндегі септік жалғауларды, әсіресе тәуелдік және жіктік жалғауларды өткенде өте керек. Тәуелдік және жіктік жалғаулар қазақ тілінің ерекшелігі екеніне көңіл аударуды керек етеді. Жіктік жалғау орыс тіліндегі лексикамен салыстырғанда ол “тек қана синтаксистік қызмет атқарады. Жіктік жалғаулы сөздер әрдайым баяндауыш болады. Олай болса, жіктік жалғау – баяндауышқа тән жалғау”.

Техникалық мамандықтарға іріктелген арнайы лексиканы талдау екі тілдегі кірме сөздердің, яғни, орыс тілі арқылы қабылданған сөздер мен сөз тіркестерін салыстыра зерттеуді керек етеді.

Қазақ тілін мамандыққа сәйкес қатынас құралы ретінде үйретудің лингвистикалық негіздерін қарастыруда түсіндірме сөздіктермен, қазақша-орысша терминологиялық сөздіктермен жұмыс істеу ерекшеліктеріне, лексикалық минимумды сұрыптауға көңіл бөлінді. Мамандыққа қажетті лексиканы сұрыптауда сөздің көп мағыналылығы, терминнің лексикалық-семантикалық мәні, тақырыппен сәйкестігі, т.б. белгілері мен ерекшеліктері ескерілді.

Мәтін – қарым-қатынастық тұлға. Студенттерге арналған ғылыми мәтінді талдау арқылы логикалық тұрғыдан бөлшектеу және мағыналық жағынан ықшамдау мәтінді практикалық сабақтарда студенттердің пайымдауын жеңілдетеді. Тілді үйрету мен меңгеру ісінде – мәтінмен жұмыс ерекше мәнге ие болады. Мәтін көркем, бейнелі, жеңіл болса – студенттің оқып-түсінуіне, меңгеруіне көп



көмек етеді. Мәтіннің маңыз-мәні, белгілі бір тақырыпқа құрылуы да оқып-үйренушілер үшін аса пайдалы болмақ.

Тілдік қатынас жоғарыда аталған қатысымдық тұлғалар арқылы жүзеге асады. Мәселен, егер кәсіптік мектептің оқушысы қазақша сөйлей тұрып, қазақ тіліндегі дыбыстарды өз екпінімен дұрыс айтпай орыс тіліндегідей етіп, бұрып айтса, оны бірде-бір тыңдаушы түсінбейді. Демек, тілді үйретуде, сөйлеуде фонетикалық дағдылардың алатын орны ерекше. Фонетикалық дағдыларды жете меңгермей, тілдік қатынас та жүзеге аспайды. Олай болса, фонетикалық дағдыларға ерекше көңіл аудару қажет. Сондықтан алғашқы кезеңде фонетикалық дағдыларды қалыптастыру ісіне айрықша көңіл бөлініп, әрі қарай дамытылып отырылғаны дұрыс.

Студенттерге тілді белсенді меңгертуде ұстанатын тағы бір басшы принцип — ол сөздердің ауызекі сөйлеу тілінде, яғни күнделікті өмірде қолдануға қажеттілігі. Оларға сөздерді жеке дара емес, белгілі бір жағдайға байланысты тақырып ішінде қолдануына мүмкіндік жасалу керек. Сөздік қордың жүйелі болуы алдымен тақырыптардың дұрыс алынуына да байланысты.

Тақырып аясына сөздерді дұрыс топтау оқушылардың қазақ тіліндегі сөздік қорын арттырады, бір-бірімен сол тілде қарым-қатысқа түсуге жағдай тудырады.

Оқушылардың сөздік қорын үнемі байытып отыру сөйлеу тілін дамытудағы негізгі мәселе болғандықтан, қазақша сөйлеуге үйрету барысында олардың сөздік қорын кеңейтуге ерекше мән берген жөн. Оқу кезінде жаңа сөздер күн санап өсіп отырады. Алғашқы үйренген сөздер мен кейінгі жаттаған лексика бір-бірін толықтырып, сөздік құрамда үздіксіз қолданылып жүрсе ғана, ол сөйлеу үшін тиімді саналады.

Сондай-ақ лексикалық материалдарды оқушыларға оқытуда ескертетін бір жайт — жеке сөз ешқашан өз бойындағы бар мүмкіншілікті толық бере алмайды. Лексикалық мағынасы бар сөздердің өзін бір ғана мағынамен шектеу қиын. Өйткені қазақ тіліндегі сөздердің әрқайсысы алуан түрлі мағынаны білдіреді.

Қазақша сөйлеу үшін, ойын басқаға жеткізу үшін, адам сөйлем құрай білуі қажет, сөйлем құрау үшін, сөздерді бір-бірімен байланыстырып, оларды сөйлемде дұрыс орналастыру керек. Олай болса, оқушыларға сөздерді бір-бірімен байланыстыратын қосымшаларды үйрету, сөздердің сөйлемдегі орын тәртібін меңгерту, сөйлемнің жасалу жолдарын білдіру қажет. Өйткені сөйлемсіз ойды жеткізу мүмкін емес. Ал сөйлеудің бәрі сөйлемнен құралады. Грамматиканы жақсы меңгерген оқушы сөз тіркесін дұрыс біліп, сөйлемді құрастыра алады. Мұның бәрі қазақ тілін оқушыларға оқытқанда грамматиканы теориялық тұрғыда емес, тілдің қолданыс құралы ретінде оқытудың қажет екенін білдіреді. Грамматикадан алған мәліметтер оқушыға сөз бен сөзді байланыстыруда, сөйлем құрауда қолдануға дағдыландыру үшін қажет. Сонымен, оқушылардың сөздік қорын дамыту, грамматикалық дағдыларды қалыптастыру, дыбыстарды дұрыс айта білу, сөз тіркестерін құрастыра алу қабілеттерін дамыту – осылардың барлығы сөйлеуге үйретудің алғы шарттары болып табылады. Сөйлем қарым-қатынас жасаудың негізгі формасы ретінде жұмсалады. Сөз, сөз тіркесі өз бетімен бұл қызметті атқара алмайды. Демек, сөйлемнің тілдің басқа единицаларына карағанда қатысымдық қызметі басым. Сол себепті оқыту процесінде олардың оқушыларға білім, дағды, сөйлеу жағдайына негізделіп берілгені жөн. Сөйлеу процесі сөйлемдер арқылы жүзеге асатындықтан оқушылар синтаксис саласынан мағлұмат алулары керек.

Сөйлем синтаксисін оқытуда оқытушы оқушыға сөйлем құрылысы, сөйлемдегі сөздердің бір-бірімен мағыналық байланысы, сөздердің сөйлемдегі орын тәртібі туралы мәлімет беруді мақсат етеді. Сөздің сөйлемдегі орнын біліп, оны сөйлеуде қолданып жаттығу – оқушының сөйлемді дұрыс құрап, дұрыс сөйлеуге дағдылануы үшін керек. Орыс тілі мен қазақ тілінің арасында сөйлемнің түрлеріне қатысты бірсыпыра ортақ заңдылықтар бар. Мысалға, сөйлемнің айтылуына қарай хабарлы, лепті, сұраулы болып бөлінуі, жай сөйлем мен құрмалас сөйлемге жіктелуі, олардың әрқайсысының бірнеше түрге бөлінуі. Екі тілдегі ортақ белгілер, ортақ заңдылықтар бұл мәселелерді оқытуда бірсыпыра жеңілдік туғызады.

Сөз және сөйлем ұғымдарын игеру нәтижесінде мәтінмен жұмыс жасауға, мәтін ұғымын меңгеруге жол ашылады. Ал мәтінмен жұмыс істеу — тіл дамытудың негізгі бағыты. Өйткені мәтінде тілдің барлық бөлшектері қатысады: дыбыс, сөз, сөз тіркесі, сөйлем (әрі мәтін арқылы байланыстырып үйрету жұмыстарын жүргізуге болады).

Аталмыш оқу құралында тіл дамыту жұмысы тау-кен мамандығына байланысты дайындалған мәтінмен жүргізіледі. Мамандыққа қатысты мәтіндерді беру арқылы оқушыларды қазақ тілін оқуға



ынталандырып, олардың тілді оқуға деген қызығушылығын арттыруға болады. Мұндай мәтін оқушыға келешек мамандығы бойынша өте қажет.

Тіл ұстануда міндетті түрде стилистикалық жұмыстар жүргізіледі. Өйткені, қазіргі қазақ әдеби тіліндегі стильдердің қайсысын болсын, болашақ маман иесі мүмкіндігінше жетік меңгеруі керек. “Мәтін мағынасының бірлігі – оның тақырыбынан шығады. Мәтіннің мағыналық біртұтастығынан оның келесі нышандары белгіленеді.

- а) Мәтін - белгілі тақырыпқа айтылған сөйлеу;
- ә) Мәтінде сөйлеушінің ниеті (түпкі ойы) жүзеге асады;
- б) Әр түрлі көлемді мәтіндер — бұл біршама түгелденген сөйлеу;
- в) Мәтін тақырыбын таңдап алуға болады, бұл оның мазмұнын және негізгі ойын білдіреді;
- г) Дұрыс дайындалған мәтіннің басы және соңы бар”

Студенттің мамандығына сай байланыстырып сөйлеуге оқыту жүйесінде мәтіннің тақырыбын және негізгі ойын белгілеуге үйренетін жұмыстарға көп көңіл аударылады. Осыған байланысты оқушыларда мәтіннің тақырыбын және негізгі ойын ажырататын дағдылар қалыптасады, олар мәтіннің жоспарын дайындауға, мазмұны мен негізгі ойын білдіретін тақырыбын таңдауға үйретеді. Осыған орай, айту әрі жаза білу, сөйлеудің басын және соңын дұрыс дайындау, хабардың түпкі ойын жеткізе алу дағдылары қалыптасады.

Мәтіннің абзацтарға, күрделі сөйлем тұтастықтарына, сөйлемдерге бөлшектенетіні белгілі. Сонда, адамның дұрыс құрастырылған сөйлеуінің негізінде жекелеген сөздер, сөйлемдер емес, логикалық және композициялық жағынан үйлескен ерекше тұтастық жатады. Кәсіптік мектепте мәтіннің жеке бөліктенуі бойынша жұмыстар көбінесе мағыналық дәрежеде жүргізіледі. Яғни студенттердің мәтінді бөліктерге ажырату, оның жоспарын дайындау, абзацтар арасында мағыналық байланыстарды іздеу, сөйлемдер арасындағы байланысты белгілеп, сөздердің қайталануын тауып, түзеу, сөз тәртібіне бақылау жүргізу, тілдік тұлғаларды табу дағдылары қалыптасады. Қорыта айтқанда, байланыстырып сөйлеуді дамыту жұмысының негізінде мәтін туралы ілім жатыр. Мәтін – тілдің қорытылған дербес бөлігі, ол өз ішінде басқа дербес бөліктерді қамтиды: сөйлем, абзац. Мәтін деңгейінде тілдік жүйенің барлық аспектілері қарастырылады. Бұл тіл дамыту жұмысын жан-жақты жүргізуге көмектеседі. Демек, мәтін – тіл дамытудың маңызды лингвистикалық ұғымы.

Студенттерге мемлекеттік тілде өзінің мамандығына қатысты лексиканы игертуде орыс тілін ана тілі ретінде есепке алу керектігін әдіскер-ғалымдар ерекше атайды. Себебі, біріншіден, екі тілдің жүйесін түсінуге көмектессе, екіншіден интерпретацияның пайда болуының себебі тіл игеруді қиындатады, яғни, ана тілінің ерекшеліктерін екінші тілге телуі мүмкін. Интерференцияның тіл үйретудегі орнын ғалымдар мен әдіскерлер естен шығармайды. Біздің практикалық сабақтарда интерференцияның әсері тау-кен студенттерінің мамандығына қатысты лексиканы меңгеру процесінде жиі кездеседі. Интерференцияны ескеру студенттердің мемлекеттік тілді үйренуіне және оны практикада дұрыс қолдана білуіне көмектеседі. Ғылыми терминдерді меңгере алады. Мамандықтары бойынша арнайы әдебиетті орыс тіліне аударуға дағдыланады. Ал осы дағдылар олардың келешекте мамандықтары бойынша жұмыс істеуіне пайдаға асатыны даусыз.

Әдебиеттер:

1. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. - Алматы, 2000. - 207 б.
2. Қараев М.Ө. Қазақ тілі. - Алматы, 1993. - 215 б.
3. Юрьева Е.Ю. Коммуникативные единицы языка и принципы их описания. // Сб. науч. трудов. - Ленинград, 1988. - 139 с.
4. Дьяченко М.И., Кандыбович Л.А. Психология высшей школы. Учебн. пособие для вузов. - Баку, 1981. - 383 с.
5. Зимняя И.А. Психологические аспекты обучения говорению на иностранном языке. - Москва: Просвещение, 1978. - 159 с.
6. Рогова Г.В., Верещагина И.Н. Методика обучения английскому языку на начальном этапе в средней школе. - Москва, 1988. - 224 с.
7. Қоянбаев Ж., Қоянбаев Р. Педагогика. - Алматы, -345 б.
8. Жұмабаев М. Педагогика. - Алматы, 1992. - 160 б.